

**А. Н. Тағанова, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: А. Б. Жұмашева, арнайы құқықтану пәндер (циклдік)**  
**комиссиясы оқытушысы**  
**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіндегі экономи-**  
**ка, бизнес және құқық колледжі)**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ САУДАҒА САЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Кәмететке толмағандарды саудаға салу қылмысы Қазақстан Республикасында кеңінен етек жайып отырған қылмыстардың бірі. Қазақстан өзінің географиялық орналасуына байланысты көптеген елдермен шекаралас. Осыған орай қылмыскерлер кәмететке толмағандарды шетелдеріне сата алады. Атап айтқанда: Біріккен Араб Әмірлігіне, Түркияға, Ресейге және Қытайға. Сондай-ақ кәмететке толмағандарды Қазақстан Республикасының аумағында да саудаға салу фактілері тіркелген.

Қазіргі таңда бизнестің әртүрлі жолдарының дамуына байланысты жалған хабарламалар беріп, әсіресе, сымбатты да сұлу қыздарымызды алдамшы жолмен шетелдік жарнамаларға жоғары төлемді «фотомодель» немесе биші, т. б. қызметтерге шақырып, шет жерде оларды құлдыққа сатып, жезөкшелік қамытын қиетін жағдайлар көп кездеседі. Құлдыққа сатушылардың құрбандары көбінесе жасөспірімдер болып табылады. Кәмететке толмағандардың саудасының қазіргі таңда қару-жарақ, есірткі саудасынан кейінгі үшінші орында екендігі ақпараттық құралдар арқылы барлығымызға белгілі.

Осы қылмыспен айналысатын криминалдық топтардың табыстары жылына 7-8 миллиард долларға жететіндігі, аталған қылмыстың жылдан-жылға өсіп отырғандығын аңғартады. Сонымен бірге, бүгінгі күннің ең өзекті мәселесінің бірі — шетел азаматтарының Қазақстаннан бала асырап алуы. Сондықтан да, олардың болашағы, әрине, барша халықты, ұл-қыз өсіріп отырған барша азаматтарды толғандырмай қоймайды. Кәмететке толмаған адамды қылмыс жасауға немесе қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту, мысалы, басқа біреудің баласын жезөкшелікке тарту немесе қайыр сұрату және т. б. үшін пайдалану мақсатында сату-сатып алу, жалға алу, кәмететке толмаған адамның мүшелерін немесе тінін ауыстырып салу мақсатындағы қылмыстардың да жасалатыны айта кеткен жөн. Бұл қылмыс соңғы уақытта ауыстырып салу хирургиясының дамуына байланысты кең таралып отыр. Мұндай әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі зор болып табылады. Кәмететке толмаған адамды шетелге заңсыз әкету, сатылған баланы жалған құжаттармен жасырын әкету жолымен де, сондай-ақ, заңдарда белгіленген тәртіппен асырап алуды рәсімдеу арқылы да іске асырылады.

Кәмететке толмағандарды саудаға салу ҚР ҚК-нің 133-бабында көрсетілген: «Кәмететке толмаған адамды сатып алу, сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау».

Алайда 2000 жылғы БҰҰ Конвенциясын толықтыратын адамды, сондай-ақ, әйелдер мен балаларды саудаға салу қылмысына қарсы тұру және алдын-алуға байланысты хаттамаға сәйкес: «Адамды саудаға салу деп, адамдарды пайдалану мақсатымен адамдарды пайдалану үшін азғырып көндіру, түрлі мақсатқа пайдалану үшін әкету, өткізу, жасыру немесе адамдарды алу үшін күш көрсету арқылы қорқыту немесе басқа да мәжбүрлеу нысандары арқылы, сондай-ақ, ұрлау, алаяқтық, алдау, билікті теріс және асыра пайдалану немесе дәрменсіз жағдайды пайдалану, басқа тұлғаны қадағалайтын тұлғаның келісімін алу мақсатында, төлеу түрінде немесе пайда көздеу арқылы сатып алу. Адамдарды пайдалану дегеніміз — басқа тұлғаларды жезөкшелікпен айналысуға немесе басқа да нәпсіқұмарлық өзгедей пайдалану үшін азғырып-көндіру, мәжбүрлі еңбек немесе қызмет көрсету, құлдық немесе құлдыққа ұқсас түрде, еріксіз күйде ұстау немесе тінін алу» деп көрсетілген.

Жалпы айтқанда бұл мәселелердің шешу жолы ретінде:

– біріншіден, бұл қылмыстарға қолданылатын заңдарды күшейту керек, яғни қайтадан қарастырып, саралап, толықтырулар мен өзгертулер енгізу;

– екіншіден, шетелге асырап алуға жіберілген кәмелетке толмағандардың бөтен мемлекеттегі өмірі мен болашағы қандай болатынын, асырап алушының мінез-құлқы мен шын ниеті қандай екенін бақылайтын арнайы органдардың жұмысын күшейту.

Осындай жұмыстар атқарылатын болса, кәмелетке толмағандарды саудаға салу қылмысы азайып, Қазақстанның болашағын қалайтын ұрпақтарды қауіп-қатерден қорғап қаламыз.